

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Ең үлкен байлық

ЖАРИЯЛАНДЫ
09.03.2018


СІЛТЕМЕ
<https://bilimgger.kz/30511/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Күні: 15.01.2018ж.

| | | |
|------------------------|---|-----------------------------|
| Сынып: 5«Б» | Қатысқан оқушылар саны: 15 | Қатыспаған оқушылар саны: 1 |
| Сабақтың тақырыбы: | Ең үлкен байлық | |
| Сабақтың мақсаты: | Т4.Фольклорлық және шағын көлемді көркем әдеби мәтіндердің мазмұнын түсіну. | |
| Сабақ нәтижесі: | <p>Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады: Сөйлесім әрекетінің негізінде оқушыларға тақырып аясында толық ақпарат бере беруге үйренеді</p> <p>Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады: Жас ұрпаққа адам денсаулығының қымбаттылығын, өмір сүру үшін қажеттілігін, бағалы байлық екенін түсіндіру.</p> <p>Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады: Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмалады орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады.</p> | |
| Жетістік критерийлері: | <p>Оқушының төменгі жетістігі (ОТЖ): байлық түрлері туралы ақпарат береді. Оқушының орташа жетістігі (ООЖ):қазақша байлық түрлерін сипаттайды, жаңа сөздерді қатыстырып, сөйлемдер құрайды. Оқушының жоғарғы жетістігі(ОЖЖ):тақырып аясында тілдік қарым-қатынас құра алады, сұхбаттасады, шағын мәтін құрайды.</p> | |
| Тілдік құзіреттілік | Рухани, зарлау, күш-қуат, айырбастау | |
| Ресурстар | Оқулық, стикер, А-3, маркерлер, үлестірмелі қағаздар, кері байланыс. | |
| Әдіс-тәсілдер | Сұрақ -жауап, «Аквариум» әдісі, «Қарлы кесек» әдісі, рефлексия. | |
| Пәнаралық байланыс | қазақ әдебиеті | |
| Алдыңғы оқу | сөздік қорларын дамыту. | |
| Сабақтың жоспары | | |
| Жоспарланған уақыт | Сабақ барысы: | Бағалау түрлері |
| Басталуы | Ұйымдастыру кезеңі | 1-топ: адами |
| 5 минут | Байлық түрлері арқылы топқа бөлу. | 2-топ: табиғи |
| | Психологиялық ахуал қалыптастыру | 3-топ: рухани |

| | | |
|--|--|--|
| Жаңа білім 5 минут | <p>Оқушылардың жаңа сабаққа деген қызығушылығын ояту мақсатында «байлық» ұғымына қатысты ассоциация</p> <p>Ел аузынан жиналған әңгімеммен таныстыру</p> <p>Ертеде бір жас жігіт өзінің кедейлігін айтып, әрдайым мұнын шағудан жалықпайды екен.</p> <p>— Шіркін-ай, егер менің байлығым көп болса, жақсы өмір сүрер едім, — деп зарлауын қоймапты. Бір күні жігіттің лашығының алдынан қарт тас қашаушы өтіп бара жатып, зарлап отырған жігіттің қасына келеді.</p> <p>— Саған не болды сонша жыланып? Сен нағыз бай адам емессің бе? — дейді.</p> <p>— Мен баймын ба? — деп жігіт таң қалады. — Ол қандай байлық?</p> <p>— Сенің көздерің ше? Бір көзінді біреуге қаншаға сатып берер едің? — деп сұрайды қарт.</p> <p>-Оның не?! — деп шошып кетеді жігіт, — көзімді ешқандай байлыққа айырбастамаймын.</p> <p>— Ал енді екі қолың мен аяғыңның біреуін алтынға айырбастар ма едің?</p> <p>— Жоқ, ешқайсысын да алтынға айырбастамаймын, — дейді жігіт.</p> <p>— Міне, көрдің бе, сен өте бай адамсың. Адамның ең үлкен байлығы — күш-қуаты мен денсаулығы, — дейді қарт. — Оны ақшаға сатып ала алмайсың. Қарт осыны айтады да, жөніне кетеді.</p> | оқулық АКТ |
| Ортасы 15 минут | <p>1.Сөздікпен жұмыс. Мұғалім интерактивті тақтадан тақырыпқа қатысты жаңа сөздермен таныстырады, аудармасын айтады. Оларды оқиды, оқушыларға қайталатады.</p> <p>2. Оқылым. Мәтінді кезек-кезекпен оқу.</p> <p>3.Айтылым. 6-тапсырма.Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру.</p> <p>4. Айтылым. Мәтіндегі ақпараттың дұрыс бұрыстығын тексеру.</p> <p>5. Жазылым. Мәтіндегі екі кейіпкердің мінездемелерін сипаттап жаз.</p> <p>6. Грамматикалық тапсырмалар.</p> <p>1.Үстеу дегеніміз не?. 2. Мезгіл үстеу дегеніміз не? 3. Мекен үстеу дегеніміз не?</p> <p>Үлестірмелі қағаздармен жұмыс. Сөлемнен мекен және мезгіл үстеуін тап.</p> <p>Күнде кешке бір алма жесең,денсаулығын жақсы болады. Кеше атам алманы жинап алды.Артынан Айша келеді. Асан сені сыртта күтеді. Мен төменгі қабатта тұрамын. Балалар ішке кірді. Айман, әрі қарай өзім барамын. Бүгін мен кезекшімін.</p> | интерактивті тақта <input checked="" type="checkbox"/> оқулық А-3, маркерлер. үлестірмелі қағаздар |
| Сергіту сәті 1 минут | Дене қимылы | АКТ |
| Аяқталуы Сабақты бекіту 10 минут | <p>«Аквариум» әдісі. Топтық жұмыс.Мәтіннің мазмұны бойынша сахналық көрініс дайындап,көрсетіндер. Сынып ең үздік көрсетілімді анықтасын.Бағалау критерийлері: — сөз сауаттылығы; әртістік қабілет.</p> <p>Айтылым. «Қарлы кесек» ойыны.Оқушылар шеңбер құрып тұрады.Бастаушы:«Сен «бірінші байлық- денсаулық» дегенді қалай түсінесің?» -деп, қолындағы допты топтағы бір балаға лақтырады</p> | <input checked="" type="checkbox"/> доп |

| | | | |
|---------------------------------|--|------------------|-------------------|
| Бағалау 2 минут | Бағалау парақшасы | Рефлексия | бағалау парақшасы |
| Кері байланыс 2 минут | парағы  15-тапсырма. | | стикерлер |

Үйге тапсырма**Қорытынды бағамдау**

Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?

1:Топтық жұмыс.

2:Сахналық көрініс.

Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?

1:Ойын түрлері.

2:Әдіс-тәсілдер.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimgger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.